

М. Исахан* , Н. Арыстанбекұлы , А. Сатыбалдиева 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

ҚР ДІНИ ОҢАЛТУ ЖҰМЫСЫНА ЖАУАПТЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Мақалада ҚР тәуелсіздік жылдарындағы діни ахуалдың күшеюі, дін мәселелерін реттеудегі құқықтық актілердің қабылдануы, дін мәселелеріне жауапты органдардың құрылуы және олардың қүзіретіндегі міндеттемелер сөз болады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін діни еркіндікті паш етті. Алайда, сол діни еркіндіктен туындайтын мәселелерді реттеуге дайын болмай шықты. Одан туындаған проблемалар қоғамның тыныштығын бұза бастады. Тіпті, базбір діни радикалды ағымдар мемлекеттің конситуциялық құрылысына да қауіп төндірді. Күн тәртібінде тұрған аталған мәселелерді шешу үшін мемлекеттік басқару құрылымында жаңа комитеттер мен басқармалар және орталықтар құрылды. Кейбір құқық қорғау органдарынан жаңа штаттар ашылды. Діни мәселелерді тиімді реттеу үшін мемлекет механизміндегі мекемелердің жұмысын үйлестіру керек болды. Сонымен қатар туындап отырған діни қауіптердің алдын алу үшін тиісті мекемелердің функционалдық міндеттемелерін соған сай нақтылаудың қажеттігі туындады. Атап айтар болсақ, ол – діни әдебиеттер мен заттарға сараптама жасау, деструктивті діни ағым өкілдерін райынан қайтару, оларға түсіндірме жұмысын жүргізу, радикалсыздандыру, қоғамға қайта бейімдеу, жалпы қоғамның діни сауаттылығын арттыру, діни білім берудің сатылы жүйесін қалыптастыру секілді қызметтік міндеттемелер еді. Яғни, Қазақстан билігі өзінің 30 жылдан астам тәжірибесінде діни мәселелерді реттеудің отандық үлгісін қалыптастырғандығы жан-жақты талқыланады.

Түйін сөздер: дін, құқық, заң, профилактика, реабилитация, дерадикализация, пробация.

M. Issakhan*, N. Arystanbekuly, A. Satybaldiyeva

Egyptian University Islamic Culture Nur Mubarak, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

Creation of institutions responsible for religious rehabilitation of the Republic of Kazakhstan and their functional duties

The article deals with the complexity of the religious situation during the years of independence of the Republic of Kazakhstan, the adoption of legal acts to regulate religious issues, the creation of bodies responsible for religious issues, and their responsibilities. After gaining independence, Kazakhstan demonstrated religious freedom. However, he was not ready to deal with the problems associated with this religious freedom. The problems he caused began to disturb the peace of society. Even some religious radical movements threatened the constitutional structure of the state. New committees, departments and centers have been created in the structure of state administration to address these issues on the agenda. New states were opened from some law enforcement agencies. For the effective regulation of religious issues, it was necessary to coordinate the work of institutions in the state mechanism. And in order to prevent emerging religious threats, it became necessary to appropriately clarify the functional responsibilities of the relevant institutions. In particular, conducting an examination of religious literature and objects, making excuses for representatives of destructive religious movements, conducting explanatory work with them, de-radicalization, readaptation in society, increasing religious literacy of the general public, the formation of a stepped system of religious education. That is, the fact that the authorities of Kazakhstan, over their more than 30 years of experience, have formed a domestic model for regulating religious issues is widely discussed.

Key words: religion, law, prevention, rehabilitation, de-radicalization, probation.

М. Исахан*, Н. Арыстанбекулы, А. Сатыбалдиева

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

Создание учреждений, ответственных за религиозную реабилитацию Республики Казахстан, и их функциональные обязанности

В статье говорится об укреплении религиозной ситуации в годы независимости Республики Казахстан, принятии правовых актов по регулированию вопросов религии, создании органов ответственных за вопросы религии и их обязанностях. После обретения независимости Казахстан продемонстрировал религиозную свободу. Однако он не был готов решать проблемы связанные с этой религиозной свободой. Вызванные им проблемы стали нарушать покой общества. Даже некоторые религиозные радикальные течения угрожали конституционному устройству государства. Для решения указанных вопросов повестки дня в структуре государственного управления созданы новые комитеты, отделы и центры. Были открыты новые штаты от некоторых правоохранительных органов. Для эффективного регулирования религиозных вопросов необходимо было координировать работу институтов в государственном механизме. Наряду с этим для предотвращения возникающих религиозных угроз возникла необходимость в соответствующем уточнении функциональных обязанностей соответствующих институтов. В частности, проведение экспертизы религиозной литературы и предметов, отговорку представителей деструктивных религиозных течений, проведение разъяснительной работы с ними, дерадикализацию, реадaptацию в обществе, повышение религиозной грамотности широких слоев общества, формирование ступенчатая система религиозного образования. То есть широко обсуждается тот факт, что власти Казахстана за свой более чем 30-летний опыт сформировали отечественную модель регулирования религиозных вопросов.

Ключевые слова: религия, закон, право, профилактика, реабилитация, дерадикализация, пробация.

Кіріспе

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан қоғамында өзгеріске ұшыраған салалардың бірі – дін саласы екені баршаға аян. Оған себеп – тәуелсіздік ала салып 1992 жылы қаңтардың 15 күні Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңды қабылдап, дін еркіндігін жариялады (Қазақстан Республикасының Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңы, 1992). Аталған заңнамада шетелдік діни миссионерлердің де діни қызмет жасауына құқықтық тұрғыдан мүмкіндік қарастырылғандықтан, Қазақстанға алыс-жақын елдерден діни миссионерлер ағылып келе бастады (Байтенова және т.б., 2010: 320). Негізінде демократиялық елдердегі қалыпты деп саналатын әртүрлі діни түсініктер (плюрализм) Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйені бастан кешірген Қазақстан (Қозыбақова, 2011: 181) қоғамына мүлде таңсық еді. Дін еркіндігінен туындаған діни қарама-қайшы түсініктер едәуір өзгеріс әкеле бастады. Әсіресе, Қазақстан қоғамындағы дәстүрлі отбасы институты жапа шекті (Чунгулова, 2014: 94). Елдегі діни ахуал 2000-шы жылдардан кейін тіптен күрделене түсті (Чунгулова,

2014: 32). Осыны қаперге алған Қазақстан билігі діни ахуалды мемлекеттік бақылауда ұстау үшін діни мәселелерге назар аудара бастады.

Қазақстан билігі 2000 жылдан бастап Үкімет жанында консультациялық-кеңестік орган – Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес жұмысын атқарды. Ал, оның тұрақты хатшылығы үкімет кеңсесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылды (Чунгулова, 2014: 44). Алайда, аталған хатшылықтың құзіреті шектеулі болды. Тек діни ахуалға мониторинг жасаумен шұғылданды.

Қазақстан Үкіметі 2006 жылы діни мәселелерді бақылауда ұстаушы Дін істері комитетін құрды (Дін істері комитетінің маңызы мен тарихы, 2021). Алғашқыда, жаңадан құрылған ведомство жөнінде мамандар арасында пікірталас көп өрбіді. Ата Заң бойынша Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет деп атағандықтан, мемлекеттің діни бірлестіктердің ісіне араласуы қаншалықты заңды деген сыни пікірлер басым еді. Алайда, мемлекет пен қоғам қауіпсіздігі алға шығарылғандықтан, аталған ведомство Әділет министрлігінің құрамында заңды тіркелген діни бірлестіктер мен тіркелмеген діни ағымдардың қызметіне бақылау жүргізуді іске асыра бастады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасының дін мәселелерін реттеудегі әу бастағы ұстанымы дін насихатына шектеу қоймайтын классикалық зайырлылық болғандықтан (Қожамбеков, 2016: 336), сондай-ақ, 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның негізгі құқықтық әлеуеті әлі де сақталынғандықтан, 2006 жылы құрылған Дін істері комитетінің жат діни ағымдардың қаупін сейілтуге толыққанды құзіретті бола алмады. Десе де, Дін істері комитеті елдегі діни ахуалды бақылаусыз қалдырған жоқ. Елдегі діни бірлестіктерді есепке алып, діни әдебиеттерге дінтанулық сараптама жүргізуді жүзеге асырып, дін ахуалға жүйелі түрде қадағалау жүргізді. Қазақстан қоғамындағы діни ахуал күннен күнге күшейе түскендіктен, мамандар тарапынан діни мәселелерді реттейтін жаңа заң қабылдау және дербес мемлекеттік ведомство құру жөнінде бастамалар көтерілді. Қазақстанда 2011 жылдары бірнеше терактілердің орын алуы (Мұханова, 2019), Қазақстан билігінің бұл мәселеге немкетті қарамауына түрткі болды. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 мамырдағы № 84 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі (Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы, 2011) құрылды. Және оның Алматы және Астана, сондай-ақ, облыс әкімшіліктерінен аумақтық бөлімдері ашылды. Бұл, мемлекет құрылымына енгізілген үлкен жаңалық еді. Себебі, зайырлы мемлекеттердің басым көпшілігінде діни ахуалды реттеу ісі әкімшілік органдардың функциясына кіре бермейді. Жаңа мемлекеттік органдар құрылған соң, мемлекет механизмінде оларға қойылатын жаңа құқықтық міндеттемелер туындады.

Тақырыпқа қатысты Қазақстан Республикасында қабылданған заңнамалар мен мамандар тарапынан көрсетілген деректерді негізге алып, ғылыми мақалада көздегенімізге қол жеткізу үшін мынадай мақсат-міндеттерді негізге алдық:

– Қазақстан Республикасында алғаш қабылданған дін туралы заңнаманың тарихнамасы мен өзектілігін нақтылап, оның құқықтық мәніне көз жеткізу;

– Тәуелсіздік алған жылдардағы Қазақстандағы діни ахуалдың өзгерістерге ұшырауына түрткі болған саяси-құқықтық алғышарттарды айқындау;

– Қазақстан Республикасындағы 2000 жылдардан кейінгі күрделенген діни ахуалды реттеу үшін Үкімет құрамынан дінге жауапты комитеттің құрылуының өзектілігін саралау;

– Діни ахуалды одан арықарай тиімді реттеу үшін дербес Дін істері агенттігі және оның аумақтардағы Дін істері басқармаларының ашылуының қажеттілігін зерделеу;

– Дін істері басқармаларының жанынан Дін мәселелерін зерттеу орталықтарының құрылуының алғышарттары және олардың құзіреттілігін талдау;

– Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтарының діни оңалту жұмысын атқарудағы өкілеттіліктерін жетілдіру ісіндегі бағыттарын айқындау;

– «Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтарының діни оңалту жұмысын жүргізудегі профилактика, реоблитация, дерадикализация, пробация сатыларындағы міндеттемелерін саралау;

– Діни радикализмді тудырушы әлеуметтік, психологиялық, саяси-құқықтық және діни факторларды жан-жақты зерделеп, олардың алдын алудың негіздері жөнінде ғылыми байлам жасау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін әлеуметтік құбылыстарды танып білудің диалектикалық әдісі, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы талдау, логикалық және теориялық, тарихи әдіс, кезеңдендіру, талдау-саралау, статистикалық сараптау әдістері құрайды.

Негізгі бөлім

Қазақстанда діни ахуалға Дін істері агенттігі болғанымен, өңірлердегі діни ахуалды бақылауда ұстауды облыс және оғани теңестірілген әкімшіліктер құрамынан Дін істері басқармалары арқылы жүзеге асырды. Мұндай басқармалар 2014 жылдан бастап барлық облыс және оған теңестірілген әкімшілік құрамынан ашылды («Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы, 2016). Аталған басқарманың құзырына дінге қатысты көптеген өкілеттіліктер берілді. Мысалы, азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын іске асы-

ру және діни бірлестіктердің, аз құрамды діни топтардың және миссионерлердің қызметі саласында елімізде болып жатқан үдерістерді жан-жақты және шынайы зерделеу, қорытындылау және талдау, өңірдегі діни ахуалды зерделеу және талдау, облыстың терроризмге қарсы комиссиясы аппаратының қызметін ұйымдастыру, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізу т.б. өкілеттіліктерге ие болды («Павлодар облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы, 2016).

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды (Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы, 2013). Аталған бағдарламада діни экстремизм мен терроризм идеологиясынан зардап шеккен немесе радикалдық идеологияның ықпалына түскен адамдарды оңалту жөніндегі орталықтардың құрылатыны айтылды. Негізінде, пилоттық жоба ретінде ОҚО әкімдігінің 2011 жылғы 4 қазандағы № 229 қаулысымен Ішкі саясат басқармасының жанынан «Әлеуметтік бастамалар орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылып (ОҚО ішкі саясат басқармасының ӘБО МКМ, 2011), бұл мекеме аталған әкімшілік аумақта діни оңалту жұмысын жүзеге асыра бастаған болатын. Кейін барлық облыс әкімшіліктеріндегі Дін істері басқармалары жанынан діни оңалту ісін жүзеге асыратын осындай мекемелер құрылды («Дін мәселелерін зерттеу орталығы», ЖШС құру туралы, 2022)

Мемлекеттік мекемелерден тыс тендер жариялау арқылы діни оңалту жұмысын жеке қоғамдық ұйымдарда атқаруға да мүмкіндік қарастырылды. Олардың ішінде кейбір үкіметтік емес ұйымдар діни радикалданған азаматтармен оңалту жұмысын жүргізуде белсенділік танытты. Мысалы, «Айна» қоғамдық пікір орталығы» ҚҚ (Ақтау қ.), «Жарық» ақпараттық-консультациялық орталық» жеке мекемесі (Ақтөбе қ.), Қостанай облысының «Деструктивті және діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығы» ҚҚ (Қостанай қ.), «Машықтанушы психологтар қауымдастығы» ҚҰ (Қостанай қ.), «Сана» дінтану ақпараттық-консультациялық орталығы» ҚҰ (Көкшетау қ.), «Дінтану-психология-құқықтық консультация-

лық орталығы» ҚҰ (Қарағанды қ.), «Деструктивтік секталардан жапа шеккендерге «Виктория» әлеуметтік-психологиялық және құқықтық көмек Орталығы (Қарағанды қ.), «Адал» АҚҰ (Павлодар қ.), «Прозрение-Көз жету» ҚҰ (Петропавл қ.), «Алматы облысы деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету Орталығы» ҚҚ (Талдықорған қ.), «Болашақ» ҚҰ (Тараз қ.), «Жайық» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету Орталығы (Орал қ.), «Бірлік» ҚҰ (Өскемен қ.), «Нұр-Мұра» ҚҰ (Шымкент қ.), «АРЕАЛ» дін мәселелері жөніндегі ақпараттық қор» Қоғамдық ұйымы», «Томирис» ҮЕҰ орталығы, «Үміт» дағдарыс орталығы, «Ықтияр» ҚҰ сияқты қорлар мен орталықтар діни қауіптің алдын алу мен салдарын жоюда белсенді еңбек етті (Исахан, 2021: 52)

Қазақстан Республикасында діни оңалту жұмысын жүргізетін үкіметтік мекемелер және үкіметтік емес ұйымдар құрылып, олар өз жұмысын бастағанмен, бұрын-соңды діни тәжірибесі болмағандықтан, алғашқыда көптеген мәселелер жүйеге түсе қоймады. Діни экстремизм және радикализммен нақты тәжірибеде жүзбе-жүз күресіп жүрген сарапшы-мамандар мәселенің түпкі себептерін емес, көбіне көп салдарын жоюға күш жұмсады. Діни қауіпсіздік мәселесімен шұғылданатын мемлекеттік мекемелер негізінен реабилитациялық және дерадикализациялық бағытта жұмыс істеді. Бірақ, Қазақстан тәжірибесінде аталмыш мемлекеттік органдар діни экстремизм мен радикализмнің көбінесе салдарымен күресіп, олардың қоғамға келтірген зияндарының орнын толтыруға ғана басымдық берді (Исахан, Сатыбалдиева, 2021: 25).

Шынтуайтында, діни экстремизм мен радикализм мәселесінің қауіпін сейілту үшін салдарымен бірге оның түпкі себептерін жоюға мән берілуі керек болатын. Ал, түпкі себептерін қандай қоғамдық факторлар құрайды? Діни экстремизм мен радикализмнің салдарына басымдық берместен бұрын, осы мәселелерге де жіті назар аударылуы қажет еді. Өйткені, діни экстремизм мен радикализмге итермелейтін себептерді анықтау арқылы мәселенің түпкі сырын білуге болады. Ол үшін алдымен діни экстремизм және радикализмнің шығу тегі мен оған итермелейтін факторларды анықтау қажет-тін.

Жалпы, діни экстремизм мен радикализмге итермелейтін көптеген факторлар бар. Сарапшы-мамандар олардың бірсыпырасын төмендегіше тізбелеген:

Бірінші, психологиялық факторлар. Оған мынадай жайттарды жатқызуға болады:

- ой-өрістің дұрыс жетілмеуі;
- психикалық ауытқушылыққа ұрыну;
- отбасы бақытын сезіне алмаушылық;
- қылмыс жасап, одан арылу үшін діннен жұбаныш іздеймін деп діни радикализмге ұрыну;
- индивидтің қоғамда өз орнын таппауы;
- тағдыр тауқыметін тартып, психологиялық күйзеліске түсу;
- өштескен адамдарынан радикалды болу арқылы кек алам деп ойлау;

дінге бет бұрамын деп рационалистік пайымнан айырылып қалу (Исахан, Сатыбалдиева, 2021: 47).

Шынында да, аталған психологиялық жайттарды діни экстремизмге ұрындыратын факторлар есебіне жатқызуға болады. Себебі, қазақстандық зерттеуші, психолог Л.Шакимова еліміздегі лаңкестік әрекетке немесе оны ұйымдастыруға қатысқан тұлғалардың өмір-дерегін зерттей отырып, радикалды идеологияны ұстанушылар ішінде толық емес отбасынан шыққандар – 18%; психологиялық соққы алғандар – 39%; бас-сүйек жарақатын алғандар – 36%; түзету мекемелерінде болғандар – 32%; маскүнемдікке салынғандар – 61%; есірткіге тәуелділер – 27%; құмар ойынына салынғандар 43%-ды құрайтындығын анықтаған. Олардың ішінде осы аталған қиындықтардың бірнешеуін қатар басынан өткерген немесе ішімдік, есірткі және құмар ойындарына бірдей тәуелділікке түскен тұлғалар да кездеседі (Әбдірәсілқызы, 2015).

Екінші, әлеуметтік-экономикалық факторлар. Оның ең маңыздыларын тізіп көрсететін болсақ:

- индивидтің өмірден әділетсіздік көруі;
- қиын әлеуметтік ахуалдың (кедейшілдік) ауыртпалығын көтере алмау;
- дін ұстануды әлеуметтік-экономикалық мүддеге айналдыру;
- діни адам болып көріну арқылы өз конъюнктурасын күшейту (Исахан, Сатыбалдиева, 2021: 51).

Аталған әлеуметтік-экономикалық факторлардың нақты өмірлік тәжірибеден алыс емес екені белгілі. Себебі, Қазақстан қоғамындағы діни ахуалды зерттеушілердің алға тартқан деректерінше лаңкестік идеологияға бой ұрғандардың 52%-ының тұрақты жұмыс орны жоқ, 38%-ының тұрмыс деңгейі төмен, 52%-ын баспанасыздар құрайды. Сондай-ақ радикалды

идеологияны ұстанушылардың 48%-ы 26 мен 35 жас аралығындағылар болса, 19%-ы 25 жасқа толмаған азаматтар болып табылады (Әбдірәсілқызы, 2015).

Үшінші, саяси-құқықтық факторлар. Олардың кейбіріне тоқталар болсақ:

- елдегі саяси-құқықтық жүйемен келіспеу;
- қоғамдағы сыбайлос жемқорлықты қатаң сынға алу;
- зайырлылықты атеизммен шатастыруы;
- мемлекеттің заң шығару механизмін жокқа шығаруы (Исахан, Сатыбалдиева, 2021: 52).

Жат діни ағым өкілдерінің көпшілігінің көзқарасынша Қазақстан билігінің мемлекет пен дін арақатынасын реттеудегі зайырлылық ұстанымы шарифат негіздеріне қайшы келеді. Мысалы, мұндай пікірлер уахабилік-салафиттік ағым өкілдерінде жиі ұшырасады. Олардың діни идеялық қайнар-көзі Мұхаммед ибн Абдул Уаххабтың еңбектерінде Алланың заңымен, яғни шарифат бойынша амал етпеген, сонымен қатар зайырлылық қағидасын ұстанған мемлекет басшыларын, зайырлы қоғамда өмір сүріп, қызмет ететін азаматтардың барлығын дерлік «тағут» деп айыптап, кәпірге шығарады. Ағым мүшелері үшін «тағут» адамдардың қаны мен мал-мүлкі халал болып саналады, яғни «тағут» деп айыптаған адамдарды өлтіріп, мал-мүлкін тартып алу күнә емес деп санайды (Салих ибн Абд әл-Азиз Әлі Шейх, 2011: 160)

Төртінші, діни факторлар. Оның өзектілеріне мына жайттерді негізге алуға болады:

- дәстүрлі діни құндылықтар туралы жеткілікті мәліметтермен сусындамау;
- исламдануға еліктеушілік;
- теріс діни ағымдардың жалған идеологиясына алдану;
- белгілі-бір шейх немесе жалған уағызшыны соқыр сезіммен пір тұту;
- діндегі кейбір көп әйел алу, ғанимат (әскери олжа), хижра, джихад және т.б. құндылықтарды нәпсі мен жалған намыс тұрғысынан бағалау немесе қате түсіну;
- ислам дінін ата-бабамыздың ұстанған жолы деп ұғып, қатты діни ұстанымға бару және т.б (Исахан, Сатыбалдиева, 2021: 54).

Расында да, діни радикализмге ұрытуда белгілі бір деңгейде діни факторлардың әсер ететінін жокқа шығаруға болмайды. Мысалы, ДАИШ террористік ұйымына қосылған діни радикалдардың басым көпшілігі діни

мәліметтерді дұрыс қайнар-көздерден алмағандықтан, сондай-ақ, тағут, күпірлік, бидғат, илхад, хижра, жихад, ғанимат, көп әйел алушылық және т.б. діни ұғымдарды бұрмалап, өз мақсаттарына сай қолдануы еді (Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 20 сұрақ-жауап, 2016: 4-43). Діни ұғымдарды ислам ақиқатына сай түсінбеушілік, кез-келген адамды қателікке ұрындырады. Оның соңы діни экстремизмге әкеліп соғатыны белгілі. Сол себепті, жоғарыда аталған діни факторлар қоғамдық тәжірибедегі радикализм көрінісімен толықтай сәйкеседі.

Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтарының теолог-мамандарына діни экстремизм мен радикализмды тудырушы себептерді түсініп-білумен қатар жат діни ағымдардың азаматтарды өздеріне қандай айла-тәсілмен тартатынын танып-білуі де аса маңызды. Жат діни ағымдардың қауіпін зарарсыздандыру үшін олардың адамдарды арбау айла-тәсілдерін жан-жақты зерделегенде ғана, оларға қарсы тосқауыл жасай алады.

Жат діни ағымдардың басым көпшілігі өздерінің нысанасына алған адамын рухани ерітіп, балқытатын түрлі уағыз-насихат айтады. Ол үшін Құран аяттарын, Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерін, сахабалардың өнегелерін, одан кейінгі ірі ғұламалардың тағылымдарын құрал ретінде пайдаланып бағады. Уағыз-насихаттың әсер еткеніне көз жеткізгенде, индивидті өз ыңғайына қарай тартып, діни ағымға бейімдей бастайды. Мысалы, салафи ағымының негізін салушы Ибн Тәймияның постулаттарын санасына құйып, өз идеологияларын өткізуге барын салады. Одан арықарай Ибн Баз, әл-Фаузан, әл-Усаймин, әл-Албанидің шархтарымен тұздықтап, индивидтің санасын толықтай билеп алады.

Діни радикалды топтар көпшілікті өз діни сенімдеріне тарту үшін олар өз ұстанымдарымен сәйкеспейтін мемлекет саясаты мен дәстүрлі үрдістерді ашықтан ашық сын тезіне алады. Әсіресе, зайырлы құндылықтарды кінәлайды. Оған балама ретінде өз діни ағымын насихаттайды. Негізінде, діни радикалды ағым өкілдері көбіне-көп заңды ұйым емес, топ болып құрылады. Сондықтан да, мемлекеттік органдар алғашқыда олардың қауіптілігін қаперге ала бермейді. Жат діни ағым өкілдері зайырлы жүйені діни тұрғыдан сынай отырып, өз жақтастарын қоғамнан оқшаулануға шақырады. Осылайша зайырлы құндылықтардан ұзақ, санасы тұмшаланған, жеке тұлғалардың қарасын көбейтеді.

Санасы діни радикалданған азаматтар зайырлы қоғамға ашық жауынуымен ерекшеленеді. Кейде олар өз идеологиясын насихаттау барысында әлеуметтік мәселелерді құрал етіп пайдаланады. Қоғамда орын алып жатқан теңсіздік пен сұрықсыз көріністерді хәм діни дүмшелікті өткір түрде айыптайды. Осыған орай кейде діни радикалдар батыл іс-қимылымен кейбір таяз ойлы адамдардың сүйіспеншілігіне бөленіп жатады. Оларға ерушілер үшін жат діни ағымның ұстанымы әділеттілікті қалпына келтіруші мазмұндағы діни идеология болып санала бастайды. Бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік-психологиялық күйзеліске түскен азаматтар өздерін турашыл етіп көрсеткен жат діни ағым өкілдеріне алданып жатады.

Діни радикализмді насихаттаушылардың іс-әрекеттері әдіснамалық тұрғыдан алғанда әртүрлі сипатқа ие. Оның себебі әрбір кеңістіктің діни танымы мен әлеуметтік ахуалының түрлі деңгейде болуында. Осыған қарай діни радикализм насихаттаушылары локальді ерекшеліктерді ескере отырып, өтімді әдіс-айлаларға жүгінеді. Мысалы, саяси қолдауға ие, қаржылық қоры мол жат діни ағымдардың кейбір тармақтары өз ілімдерін алдын-ала жасалған кешенді жоспар негізінде насихаттайды.

Жалпы, діни радикалды топтар өздерін ислам дінін батыл жақтаушы етіп көрсетуі арқылы, өз қатарын көбейткісі келеді. Теріс діни сенімді ұстанушыларды текағартушылық жолмен еңсеру мүмкін емес. Олардың әрқайсысына жеке-жеке соттың шешімімен құқықтық тұрғыдан тыйым салынса, жат діни ағымдардың өрісі тарылып, қатары сирейтіні күмәнсіз. Біздіңше, заңдық тұрғыда сот шешімімен тыйым салу арқылы ғана қоғамда жат діни ағымдардың үгітіне тосқауыл қойып, діни теріс ілімнің таралуына жол бермеуге болады.

Теология ғылымының анықтауынша жат ағым өкілдерінің адамдарды арбауы мынадай үш сатыдан тұрады:

Бірінші, ерітіп, балқыту;

Екінші, санасын өзгертіп, өздеріне бейімдеу;

Үшінші, өз қалыптарына салып, қатырып тастау.

Әуелі, жат ағым өкілдері нысанаға алған адамына ерітіп, балқытатын түрлі уағыз-насихат айтады. Ол үшін Құран аяттарын, Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерін, сахабалардың өнегелерін, одан кейінгі ірі ғұламалардың тағылымдарын құрал ретінде пайдаланып бағады. Балқыды-ау дегенде ыңғайына қарай тартып,

өздеріне бейімдей бастайды. Мысалы, Ибн Тәймияның постулаттарын санасына құйып, өз идеологияларын өткізуге барын салады. Бейімделіп болды-ау дегенде өз қалыптарына салып, Ибн Баз, әл-Фаузан, әл-Усаймин, әл-Албанидің шархтарымен тұздықтап, біржолата мұз етіп, қатырып тастайды (Исахан, 2020).

Қазіргі таңда, Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтары жат діни ағымдардың қауіпін зарарсыздандыруда белгілі бір деңгейде қажетті тәжірибені жинақтап, жұмыс жүргудің нақты бағыттарын айқындады десек болады. Мысалы, Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтары өз міндеттемелері бойынша мынадай төрт бағыт бойынша жұмыс жасайды:

1. Профилактика (алдын алу);
2. Реабилитация (оңалту);
3. Дерадикализация (радикалсыздандыру);
4. Пробация (қоғамға қайта бейімдеу).

Жат діни ағымдармен күресудің алдын алу (профилактика) сатысында Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтарының мамандары алдын ала жасалған жоспар бойынша бекітілген өз аумақтарындағы әртүрлі аудиториялармен кездесулер өткізіп, жұртшылыққа діни экстремизм мен радикализмнің белгілерін түсіндіріп, оны насихаттаушы жат діни ағымдардың атын атап, түсін түстеп, олардан сақтанудың жолдарын жеткізеді. Әсіресе, Қазақстан Республикасында тыйым салынған 23 ұйымның қауіп-қатерін жан-жақты баяндайды.

Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтарының жат діни ағым өкілдерімен оңалту жұмысын жүргізуінің өз ерекшеліктері бар. Теолог-мамандар қоғамдағы қауіпті діни идеологияларды ұстанушылармен және жат діни ағымдардың жетегіне ерушілермен (өз аумақтары бойынша) теологиялық, әлеуметтік-психологиялық, саяси-құқықтық тұрғыда айықтыру жұмыстарын жүргізеді. Атап айтар болсақ, оларға кәлам, фикһ, тәпсір, хадис, исламдағы мемлекет туралы тұжырымдарды тарқатып түсіндіру арқылы асқын діни ұстанымынан қайтарып, діни оңалтуды жүзеге асырады.

Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтарының теолог-мамандары өздеріне тиісті аумақта діни радикалды іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтармен теологиялық жұмыстар жүргізеді. Оларға түзеу мекемесінің (КУИС) ішкі

ережесіне сәйкес белгіленген уақыттарда балама діни қайнар-көз ретінде дәстүрлі классикалық кітаптар оқытып, белгіленген діни пәндерді жүйелі түрде өткізеді. Осы арқылы санасы радикалданған азаматтардың діни түсініктерін түзеп, райынан қайтаруға күш салады. Әрине, дерадикализация жұмыстары түзеу мекемелерінің (жалпы қоныстандыру, жалпы режим, қатаң, ерекше түзеу мекемелері) ерекшеліктеріне қарай жүзеге асырылады.

Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтары түзеу мекемелерінде жазасын өтеп шыққан азаматтарды бостандықта қоғамдық ортаға бейімдеу үшін белгіленген мерзім ішінде оған теологиялық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық көмек беріп, тәрбиелеу ісін де атқарады. Бірақ, бұл жұмыс мекемелер арасындағы үйлесімділік басқарумен шешіледі. Яғни, пробация қызметіне жауапты КУИС қызметкерлері жазасын өтеп шыққан азаматтарды бақылау барысында олардан діни қауіпті белгілер байқаса, Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтарының теолог-мамандарын бейімдеу жұмысына тартады. Ал, теолог-мамандар жат діни түсініктерден сауықтырып, дәстүрлі діни ортаға бейімдеуге күш салады (Исахан, Сатыбалдиева, 2021: 56).

Сонымен қатар, Дін істері басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтары өздеріне тиесілі аумақтағы тұрғындардың діни ақпараттарды пайдалануына қатысты мониторинг жүргізеді. Тізімдегі жат діни ағым өкілдерінің әлеуметтік желілердегі парақшаларына бақылау жасайды. Діни танымдық кітаптар мен әдістемелік құралдар, видео-роликтер, деректі фильмдер шығарып, қоғамды жат діни ағымдардан сақтандырады. Қауіпті діни ақпараттарды пайдаланушыларды есепке алып, ескертулер береді. Жат діни ағым өкілдеріне діни мәселелерден бөлек құқықтық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетеді. Діни бірлестіктер арасында өзара тағаттылық пен төзімділікті насихаттап, қоғам тұрақтылығын қамтамасыз етуде т.б. қажетті іс-шараларды ұйымдастырады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Әлемдік тәжірибеге назар салсақ, қоғамда туындаған кез-келген діни мәселе дер кезінде шешімін таппаса, мемлекет шаңырағының шайқалуына әкеліп соғады. Сол себепті, да-

мыған елдер діни мәселелерге немқұрайлы қарамай, ұдайы діни ахуалды бақылауда ұстауға мән береді. Ал, діни радикализмге әкеліп соғатын жайттарға өте-мөте кірпияздықпен қарайды. Өйткені, діни радикализм – қоғамдық тұрақтылықты теңселетін бірден-бір фактор. Жалпы, діни мәселеге самарқау қараудың соңы діни радикализмді тудырады. Сондықтан, ұсақ-түйек діни мәселелердің өзін мемлекет өз назарынан тыс қалдырмауға тырысады.

Осы тұрғыда, Қазақстанның дін мәселелерін реттеудегі 30 жылдық тәжірибесі белгілі бір деңгейде жетістікке қол жеткізген үлгі болып табылады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы 10 жылдық кезең әлемдік қауымдастықтар алға тартқан демократиялық талаптарға сай құқықтық актілер әзірлеуге жұмсалды. Қазақстан діни мәселелерді реттеуде зайырлылық қағидаттарды басшылыққа алуға шешім қабылдады. Зайырлылық қағидаттары қоғамның әр саласында қалай көрініс табуы керектігіне жете мән берді. Қазақстан халқының діни тәжірибесінен көрі әлемдік қауымдастықтардың талаптары көбірек ескерілгендіктен, аталған алғашқы 10 жылдықта отбасы институты секілді қоғамның кейбір маңызды салаларының мүддесі жеткілікті деңгейде қаперге алынбады.

Қазақстан тәуелсіздігінің екінші 10 жылдығында діни мәселелерді реттеуге қатысты мемлекеттік аппарат нақты шешімдер шығара бастады. Алғашқыда Дін істері хатшылығын, 2005 жылдан бастап Дін істері комитетін және діни әдебиеттер мен заттарды сараптайтын арнайы орталықтар құрды. 2011 жылдары орын алған терактілерден кейін Дін істері агенттігін құрып, бұл ведомстваны елдегі діни ахуалға жауапты орган етіп бекітті. Бірақ, алғашқы кезеңде қоғамға дендеп еніп кеткен діни радикалды пікірлердің қауіптілігі сейіле қойған жоқ. Мемлекеттік органдар діни радикализммен күресте тек санкциялық шешім қабылдаудан аса алмады. Діни экстремистік пікірлер қоғамдық ұйымдар атынан ғана сыналып келді. Екінші 10 жылдықтағы жетістік ретінде сот шешімімен діни экстремистік ұйымдардың көрсетілуі, сондай-ақ діни әдебиеттер мен заттарға міндетті сараптама жасаудың бекітілуін негізге алсақ болады.

Қазақстан тәуелсіздігінің соңғы 10 жылдығында діни радикализммен бетпе-бет келіп, олардың мүшелерін райынан қайтару ісі қолға алына бастады. Бұрын діни радикализммен

тек санкциялық шешім шығару арқылы күрессе, ендігі кезекте білікті теолог мамандарды тарту арқылы оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыра бастады. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы 2013-2017 жылдарға арналған экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөнінде мемлекеттік бағдарлама қабылдады. Облыс әкімшіліктерінен Дін істері басқармалары мен аудан әкімшіліктерінен бөлімшелер мен штаттар ашылды. Дін мәселелерін зерттеу орталықтары құрылып, әрбір аймақтағы діни радикалды ағым мүшелерінің тізімі жасалынып, олармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қолға алынды. Діни радикалды көзқарастары бар азаматтарды райынан қайтарудың профилактика, реабилитация, дерадикализация, пробация сатылары анықталып, теолог-мамандардың кәсібилігіне қарай оңалту жұмысына тартала бастады. Осының нәтижесінде ақпараттық сала мен қоғамның әртүрлі салаларындағы діни радикалды пікірлердің таралуына тосқауыл қойылды. Қазақстандағы дін мәселелеріне жауапты мекемелердің тыңғылықты жұмысының арқасында елдегі әрбір діни радикалды әрекетті назардан тыс қалдырмауға талпыныс жасалынады.

Қорытынды

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан дін мәселелерін реттеуде үлкен тәжірибе жинады. Бұл жолда қиын өткелдерден өтті. Алғашқыда, дін еркіндігін демократия және азаматтық қоғам қалыптастырудың алышарттарының бірі ретінде қарастырып, соның әсерінен бірқатар қиындықтарға тап болса да, соңыра әлемдік тәжірибеге сүйеніп һәм Қазақстан халқының тарихи діни таңдауын ескере келіп, мемлекет пен дін қатынасын реттеудің отандық үлгісінің негізін қалады. Атазаң бойынша зайырлы мемлекетті қалыптастыруды көздегенмен, Қазақстан өз тұтастығын сақтап қалу үшін дін мәселелерін реттеуде классикалық зайырлылық үлгісіне тән емес тетіктерін басшылыққа ала бастады.

Иә, әдепкіде жат діни ағымдармен күрестегі діни оңалту жұмысын жүргізуде тәжірибе болмағандықтан, көптеген қиындықтарды бастан кешірді. Оған теолог-мамандардың тапшылығы да әсер етті. Сондай-ақ, діни оңалту жұмысын жүргізудің бағыттары мен сатылары да анықталмады. Халықты қажетті діни ақпараттармен қамтамасыз етудің алгоритмі

жасалынбады. Осы себептен де, 2012 жылдары кейбір аймақтарды қоспағанда, мемлекет жүргізген діни оңалту жұмысы өз-өзін толық ақтады деп айту қиын.

Әйтсе де, мемлекет механизмінде діни оңалту жұмысын жүргізетін мекемелердің құқықтық тұрғыда үйлесімде жұмыс істеу тәртібі қалыптасты. Атап айтар болсақ, ҚР Дін істері комитеті, облыс әкімшіліктеріндегі Дін істер басқармалары, Дін мәселелерін зерттеу орталықтары, Прокуратура жүйесіндегі экстремизм мен терроризмге қарсы басқарма, ҚР ІІ министрлігіне қарасты Ішкі істер басқармаларындағы Экстремизм және терроризммен күрес бөлімі, ҚР ҰҚК үшінші басқармасы (діни мәселелерге жауапты), КУИС

пен Кеден бақылау комитетінде теологиялық штаттар ашылып, сондай-ақ, ҚМДБ және өзге де үкіметтік емес дін оңалту орталықтары құрылды. Дін мәселелеріне жауапты осыншама мемлекеттік құрылымның жұмыс істеуі, сөз жоқ үлкен жетістік еді. Әсіресе, нақты діни оңалту жұмысымен шұғылданатын облыс әкімшіліктеріндегі Дін істер басқармалары мен Дін мәселелерін зерттеу орталықтары теолог-мамандарының функционалдық міндеттемелерін жетілдіріп, профилактика, реоблитация, дерадикализация, пробациялық сатыларында қалай әрекет ету керектігі жөнінде мол тәжірибенің қалыптасуы, Қазақстан қоғамына төнген үлкен қауіп-қатердің алдын алуына өз септігін тигізуде.

Әдебиеттер

«Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы (2016) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15C0004568>

«Павлодар облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы (2016) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14P0004135>

«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру туралы (2022) <https://atameken.kz/kk/news/48136-dn-mselelern-zertteu-ortalyu-zhauapkershlg-shekteul-serktesgn-ru-turaly>

Әбдірәсілқызы А. (2015) «Радикализм – діни мәселе емес, саяси-әлеуметтік мәселе». <https://e-islam.kz/interview/item/7052-ajn-r-abdirasilkyzy-radikalizm-dini-masele-emes-sayasi-aleumettik-masele/>

Байтенова Н.Ж. және т.б. (2010) Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. Құраст.: Н.Ж. Байтенова, С.У. Абжалов, Б.К. Бейсенов, Қ.М. Борбасова, Қ.А. Затов, А.Д. Құрманалиева, Б.Б. Мейрбаев, Ш.С. Рысбекова. – Алматы: ВТСОМ баспаханасы. – 320.

Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 20 сұрақ-жауап (2016) ДАИШ – аса қауіпті лаңкес ұйым. 7-шығарылым. – Астана: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» РММ. – 48.

Дін істері комитетінің маңызы мен тарихы (2021) <https://abai.kz/post/142827>

Есмахан Б., Исахан М. (2021) Мемлекет және дін арақатынасы: Қазақстандық модель (монография). – Алматы: «Нұр-мұбарак» ЕИМУ. – 169.

Исахан М. (2020) Салафиттер адамдарды қалай азғырады? https://adyrna.kz/post/28734?fb_comment_id=2677653925617587_2679583622091284

Исахан М., Сатыбалдиева А. (2021) Діни экстремистік ұйымдар және олармен күресудің бағыттары. ҚР Түркістан облысы, Дін істер басқармасы. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: – 122.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы (2011) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000084>

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы (2013) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000648>

Қазақстан Республикасының Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Заңы (1992) Егеменді Қазақстан. 15 қаңтар. No 1.

Қожамбеков Д.Ж. (2016) Францияның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен конституциялық құқықтық тәжірибесі. Қаз ҰУ, Хабаршысы. Заң сериясы, №4. – 336.

Қозыбақова Ф. А. (2011) Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің аграрлық саясаты және оның салдары (1920-1930 жж.). Оқу құралы. – Алматы: «МЛПРК.Е88». – 188.

Мұханова А. (2019) Қазақстанда соңғы сегіз жылда 14 теракт жасалды. https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-songy-segiz-zhylda-14-terakt-zhasaldy_a3566910

ОҚО ішкі саясат басқармасының ЭБО МКМ (2011) Ақпараттық кітапша. – Шымкент – 52.

Салих ибн Абд әл-Азиз Әлі Шейх (2011) «Шарх саләсат иль-усуль уа адилләтуһу». – Каир: «Дар уль-Мұстафа». –160.

Чунгулова Г.К. (2014) Қазіргі таңдағы Қазақстан жастарының діни идентификациясы. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: – 125.

References:

- "Aqtobe oblysynyn din isteri basqarmasy" memlekettik mekemesinin Erejesin bekitu turaly" [On Approval of the Regulations on the State institution "Department for Religious Affairs of Aktobe region"] (2016) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15C0004568> (in Kazakh)
- "Din maselelerin zertteu ortalygy" jauapkershiligi shekteuli seriktestigin quru turaly [On the creation of LLP "Center for Religious Studies"] (2022) <https://atameken.kz/kk/news/48136-dn-mselelern-zertteu-ortalygy-zhauapkershlg-shekteul-serktesgn-ruturaly> (in Kazakh)
- Abdirasilqyzy A. (2015) Radikalizm – dini mäsele emes, saiasi-aleumettik masele [Radicalism is not a religious issue, but is a socio-political issue] <https://e-islam.kz/interview/item/7052-ajn-r-abdirasilqyzy-radikalizm-dini-masele-emes-sayasi-aleumettik-masele/> (in Kazakh)
- Baitenova N.Zh. and others (2010) Qazirgi Qazaqstandagy jana dini uyymdar [New religious organizations in modern Kazakhstan]. Qurastirushy N.Zh. Baitenova, S.W. Abjalov, B.K. Beysenov, Q.M. Borbasova, Q.A. Zatov, A.D. Qurmanalieva, B.B. Meyrbaev, Sh.S. Risbekova. – Almaty: VTSOM baspahanası. – 320. (in Kazakh)
- Chungulova G. K. (2014) Qazirgi tandagy Qazaqstan jastarynyn dini identifikaciya. Filosofiya doktory (PhD) gylmy darejesin alu ushin dayındalğan dissertaciya [Religious identification of modern Kazakhstan youth. A PhD Dissertation work]. – Almaty: – 125. (in Kazakh)
- Din isteri komitetinin manyzy men tarihy [The significance and history of the Religious Affairs Committee] (2021) <https://abai.kz/post/142827> (in Kazakh)
- Din salasyndagy ozekti maseleler boıynsha 20 suraq-jauap (2016) DAISH – asa qauipti lankes uym. 7-shygarylym [ISIS is a very dangerous terrorist organization. Issue 7]. – Astana: Qazaqstan Respublikasy Madeniet jane sport ministrligi Din isteri komiteti «Din maseleleri jonindegi gylmy-zertteu jane taldau ortalygy» RMM. – 48. (in Kazakh)
- Esmahan B., Isahan M. (2021) Memleket jane din araqatynasy: Qazaqstandyq model (monografiya) [Relations between the state and religion: the Kazakhstani model (monograph)]. – Almaty: EUIC “Nur-Mubarak”. – 169. (in Kazakh)
- Isahan M. (2020) Salafitter adamdardy qalai azgyrady? [How do Salafits tempt people?] https://adyrna.kz/post/28734?fb_comment_id=2677653925617587_2679583622091284 (in Kazakh)
- Isahan M., Satybaldieva A. (2021) Dini ekstremistik uyymdar jane olarmen kuresudin bagyttary. QR Turkistan oblysy, Din ister basqarmasy. Oqu-adistemelik qural [Religious extremist organizations and ways of fighting them. Department of Religious Affairs, Turkestan region. Educational and methodological tool]. – Shymkent. – 122. (in Kazakh)
- Muhanova A. (2019) Qazaqstanda songi segiz jilda 14 terakt jasaldi [14 terrorist attacks committed in Qazaqstan]. https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-songy-segiz-zhylda-14-terakt-zhasaldy_a3566910 (in Kazakh)
- OQO ishki sayasat baskarmasiinin ABO MKM (2011) Aqparattyk kitapsha [Brochure]. – Shymkent. – 52. (in Kazakh)
- Pavlodar oblysynyn din isteri basqarmasy" memlekettik mekemesi turalı erejeni bekitu turaly [On Approval of the Regulations on the State institution "Department for Religious Affairs of Pavlodar region"] (2016) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14P0004135> (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasının Dini senim bostandıgy jane dini birlestikter turalı zany (1992) Egemendi Qazaqstan [Law of the Republic of Kazakhstan on Freedom of Religion and Religious Associations. Newspaper Independent Kazakhstan. January 15. No. 1.]. 15 qantar. No 1. (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasy Din isteri agenttigi turaly [On the Agency of the Republic of Kazakhstan for Religious Affairs] (2011) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000084> (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasynda dini ekstremizm men terrorismge qarsı is-qimyl jonindegi 2013 – 2017 jıldarga arналған мемлекеттік бағдарлама туралı [State Program on Countering Terrorism and terrorism in the Republic of Kazakhstan for 2013-2017] (2013) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000648> (in Kazakh)
- Qojambekov D.J. (2016) Franciyanyn zayırlı memleket retinde qalıptasuyı men konstituciyalyq quyqytyq tajiribesi. QazUU, Habarshysy. Zan seriyasy [The experience of the revolution and constitutional law of France as a sovereign state. Bulletin of KazNU, Law Series], №4. – 336. (in Kazakh)
- Qozıbakova F. A. (2011) Qazaqstandagy kenestik akimshil-amirshil juyenin agrarlıq sayasaty jane onyn saldary (1920— 1930 jj.). Oqu quraly [The agrarian policy of the Soviet administrative-ruling system in Kazakhstan and its consequences (1920-1930). Textbook]. – Almaty: «MILIRK.E88» baspasy. – 188. (in Kazakh)
- Salih ibn Abd al-Aziz Ali Sheih (2011) «Sharx salasat al-usul ua adillatu» [Explanation of the origins and justice of the prayer]. – Kair: «Dar al-Mustafa» baspasy. – 160. (in Arabic)